

Бекітемін  
АТЖМЖ колледжі директоры  
\_\_\_\_\_ А.Н.Нұғман  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2020



**Мақсаты:** Үздіксіз білім беру жүйесіндегі студенттің адами қасиеттерінің қалыптасуы, құзыреттілігінің дамуы, өзін-өзі жетілдіру және Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке-дара қасиеттерін шыңдай отырып және кәсіби, интеллектуалдық, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті Отанының нағыз патриотын тәрбиелеу мүмкіндіктерін жасау.

**Колледж миссиясы:** Заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін телекоммуникация және машина жасау кәсіпорындары үшін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

## Жастар ісі жөніндегі комитет



**Жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі**

**Мухамметов Малик**

**тел: 8 7082710772**

## **Жастар ісі жөніндегі комитет жұмысы**

**Колледждегі Жастар ісі жөніндегі комитет келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:**

- ҚР мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, студент жастардың әлеуметтік қорғалуы мен құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету;
- колледж жастарының санасына отаншылдықты, рухани-адамгершілікті сіңіру;
- өзін-өзі басқару және қызығушылықтары бойынша құрылған клубтардың, колледждің қоғамдық ұйымдарының жұмысын үйлестіру;
- студент жастар арасындағы құқық бұзушылық, жемқорлық іс-әрекеттер мен діни экстремизмге қарсы алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру;
- қоғамдық-саяси, адамгершілік, этно-мәдени және салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шараларды ұйымдастыру;
- студенттер арасында темекі тартатын студенттер санын азайту, нашакорлықпен күрес мақсатында сауықтыру-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу;
- мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеретін іс-шараларды ұйымдастыру;
- мәдени және шығармашылық дүниетаным элементтерін, аға буынға деген ілтипатты, адамгершілік-психологиялық қарым-қатынасты насихаттауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру.

### **Колледждегі жастар ұйымы**

Бүгінгі таңда жастар саясаты, оларға көрсетілетін тәлім-тәрбие мәселесі, жастарды әлеуметтік жақтан қорғау маңызды сұрақтар қатарынан орын алады. Жастар саясатын дамытудың аталған бағыттары – үкімет пен жастар ұйымдары арасын байланыстыратын, біріктіретін ортақ мүддеміз.

Жастар саясатын дамытуда колледжіміз Мемлекеттік деңгейде қабылданған заңдар мен шешімдерді басшылыққа алып жұмыс жасауда.

Оқу орнымызда жастарды мемлекеттің, халықтың рухани-адамгершілік ұстанымдарымен қаруландырып, жоғары мәдени өркениет кеңістігін жасауға дайын маман, кәсіп иесі ретінде тәрбиелеуде төмендегі бағыттар бойынша мақсатты жұмыстар атқарылуда:

- тұлғаның адамгершілік, азаматтық қасиеттерін кемеліне жеткізу;
- саналы азаматтық көзқарасын оятып, Қазақстан Республикасының дамып-гүлденуіне мақтаныш сезімін, патриоттық жігерін қалыптастыру;
- қоғамдағы жаңалықтар тоғысын саналы, сабырлы пайымдау мінезін, шынайы шешімдерді қабылдау мәдениетін, толеранттылықты қалыптастыру;
- өз ортасындағы, қоғамдағы белсенділікке, жауапкершілікке, қайырымдылыққа деген ынта-ықыласына жол ашу;
- тұлғаның үздіксіз жетілуіне тірек болатын қабілеті мен дарынын шыңдау. Колледжімізде ұйымдастырылатын барлық тәрбиелік іс-шаралар көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағытталған.

Бүгінгі жастар – ертеңгі тізгін ұстар мамандар, қоғам қайраткерлері. Оларға дұрыс бағыт беріп, мемлекеттік жастар саясатының бір бағыты болып табылатын «кадрлық резерв» мәселесін қалыптастыру да колледж қабырғасынан басталу керек. Аталған бағыт та колледж ұжымында өз шешімін тапқан. Жастар ісі жөніндегі комитет – мемлекеттік ұйымдар мен колледждегі жастар ұйымын байланыстырып, жастар саясатын дамытуға қатысты іс-шараларды жүзеге асыруға үлес қосады. Жоғарыда аталған тәрбие жұмыстарының мақсаты мен міндеттерін орындауда белсенділік көрсетеді.

# Ақпарат

Жастар ісі жөніндегі Комитет (ЖІК) - тұрақты жұмыс істейтін студенттердің өкілетті және үйлестіруші органы.

ЖІК колледждің сапалы кәсіби және азаматтық әрталаптандырылған білім ортасының қалыптасуы жолында сәтті қызмет жасауда.

## Бөлімнің негізгі функциялары

- АТЖМК студенттердің білімін жандандыру;
- АТЖМК студенттік өмірін жандандыру;
- АТЖМК студенттерінің өзін-өзі басқаруың ұйымдастыру;
- АТЖМК жастарының саясаттың қалыптастыру;

## ЖІК қызметі:

Жастар саясатының қалыптастыруындағы әр түрлі мерекелерді, оқудан тыс мерекелер мен іс-шараларды ұйымдастыру, жоғарғы оқу орның әкімшілігімен делдалдық диалогты құру.

## Міндеттері:

- Колледжде оқу-тәрбие процесін және топтардағы бағыттар бойынша жетілдіріге қатысу.
- Студенттік ұжымдарда шығармашылық, өзара көмек жағдайын қалыптастыру.
- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұйымдастыруына қатысу.
- Олимпиадалар мен ғылыми конференцияларды өткізуінің ұйымдастыруына қатысу.
- Байқаулар мен конкурстардың бағыттары бойынша ұйымдастыруына қатысу.
- Жастар саясатын жүзеге асыру және мәселелерін уақытында шешу бойынша, колледждің қоғамдық ұйымдарының қызметін үйлестіру.
- Жастар мәселелерін практикалық шешуің талап етуі бойынша, жоғары тұрған инстанциялармен, жастар ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

## Жастар ісі комитетінің мүшелері:

- Мухемметов Малик -ЖІК төрағасы, Ғылыми кеңес мүшесі.
- Абай Ақбілек - ЖІК төрағасының орынбасары, "Пошта байланыс операторы"мамандығының 3 курс студенті.
- Жанболат Әсем – Ақпарат комитетінің төрайымы, "Пошта байланыс

операторы"мамандығының 3 курс студенті.

- Әділжанқызы Сұлушаш - Мәдениет комитетінің төрағасы, " Пошта байланыс операторы "мамандығының 3 курс студенті.

- Дініслам - Спорт комитетінің төрағасы, "Электрик"мамандығының 2 курс студенті.

#### **Ақпарат комитетінің міндеттері:**

АТЖМК бірыңғай ақпараттық алаңын құру; ЖІК қызметі туралы өзекті ақпараттармен қызметкерлермен студенттерді қамтамасыз ету, колледждегі іс-шаралар мен оқиғалар, білім алушылар өмірінің өзекті мәселелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; АТЖМК әкімшілігімен бірлесе отырып, әлеуметтік желілерде АТЖМК ресми топтарын, сайтын ұйымдастыруға және ақпараттық толтыруға қатысу.

**Мәдениет комитетінің негізгі мақсаты** – АТЖМК студенттерінің өміріне жарқын бояулар енгізу, таланттарды анықтау және олардың қызметін қолдау, студенттер үшін түрлі іс-шаралар мен ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастыру.

**Сыртқы байланыстар жөніндегі Комитет-** АТЖМК студенттерінің жастар ұйымдарымен, серіктестермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге, басқа колледждердің тәжірибесінен өзін-өзі басқару үшін жаңа және қызықты шешімдер табуға арналған.

**Спорт комитеті-** спорттық іс-шараларды дайындау мен өткізуді ұйымдастырады, спорттық секцияларды ұйымдастыруға жәрдемдеседі.